

II Модуль. Тоталитарлық жүйенің қалыптасуы кезіңіндегі ұлттық элита (1920-1939)

1. 5 тақырып: XX ғ. 30ж. Қазақстандағы ашаршылықтың демографиялық зардаптары.

2. Лекцияның мақсаты мен міндеттері: Кеңес Одағында тоталитарлық жүйенің қалыптасуына байланысты ғылыми көзқарастарды талдау. Ғылыми еңбектерге жан-жақты талдау жасау арқылы өзекті мәселелердін қарастыру.

3. Лекция мазмұны. 1925 жылы жазда республика басшылығына Орталық Филипп Исаевич Голощекинді жіберді. Жергілікті жағдаймен танысып алған соң Ф.Голощекин И.Сталинге арнайы хат жолдап, онда ендігі уақытта басымдылық жалпыұлттық міндеттерге емес, қазақ ауылын кеңестендіруге, республика өмірінде коммунистердің үлес салмағын күрт арттыруға, басқару аппараттарын жергіліктендіруге, яғни қазақ бұқарасына қазақша қызмет жасауға, сондай-ақ «үлкен саясатқа» емес, қалың қазақ бұқарасының күнделікті мұқтаждықтарын қанағаттандыруға берілмек екендігін тәптіштеп айтты. Ф.Голощекин ұсынған «Кіші Қазан» концепциясы осындай тұжырымдардан тұрды және ол И.Сталиннің толық қолдауын алды.

XX ғасырдың 30-жылдар басында өткерген сол бір нәубет ашаршылықты жасаған, жаппай ұжымдастыру идеологиясының негізін салушы, сонымен қатар Қазақстандағы «Кіші Қазан» төңкерісінің негіздеушісі, Сталиннің ұртоқпағы- Ф. Голощекин болатын. Голощекиннің келе сала қолға алған ісі - жаппай кеңестендіру жүйесін енгізіп, қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі шаруашылығын өзгертуге бағытталған идеясы. Күштеп ұжымдастыру тәсілдері астық, ет дайындау науқанын көп мөлшерде орындау қажеттігіне қарамастан, қазақ көшпелі өмір салтын отырықшыға айналдыру стратегиясы 1929 жылдан бастап Қоныстандыру басқармасының әзірлеген шаралары негізінде жүзеге асырыла бастады. Ауылшаруашылық өнімдерін күштеп дайындау жоспарына қазақ қоғамы кеңестендіру саясатына мойынсұна қоймады, себебі ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі халықтың ұлттық дәстүрлі шаруашылығы жаңа таптық жүйені жылдам қабылдауға дайын емес еді.

Голощекиндік геноцид қазақстандықтарды, ең алдымен, қазақ халқын аштыққа және босқындыққа ұшыратты. Зарлаған ана, шырылдаған бала, түнеріп, өлексе сасыған қазақ даласы - большевиктік эксперименттің нәтижесі осы еді.

Қазақстандағы 1932-1933 жылдардағы ашаршылық салдарынан болған адам шығыны туралы мәселені қазіргі заманғы тарихнама әр түрлі қырынан бағалайды. Қарапайым рәсімге негізделген зерттеулерде шығын, әдетте, 1 млн адам шегінде аталады.

1926 жылғы бірінші санақ қорытындысына сәйкес, Қазақ АКСР-і аумағында 3 млн 628 мың тұрғылықты халық мекендеді. Бірақ 12 жыл өткеннен кейінгі 1939 жылғы санақта халық саны 2 млн 327 мың 625 ты құрап, 1 млн 321 мың адамға, яғни жинақтап айтқанда 36,7%-ға азайғаны тіркелген. Тарихшы-демографтардың айтуы бойынша тіпті осы цифрдың өзі азайтылып көрсетілген. Байларды тәркілеу, кулактарды жою, жер аудару, 1931-1933

жылдардағы жаппай ашаршылық , 1930 - жылдардағы саяси қуғын-сүргін және т.б. зорлық-зомбылық салдарынан қазақ ұлтының саны күрт төмендеп кетті. Ұжымдастыру қарсаңында -40,5 млн. мал болса, 1933 жылы қаңтарда 4,5 млн мал қалады, ал бұл жағдай аштық қасіретін тұғызады.

- 1930 жылы-313 мың адам;
- 1931 жылы-755 мың адам;
- 1932-жылы-769 мың адам қайтыс болады.
- 1930-1932 жылдарда барлығы 1млн.750 мың қазақ немесе халықтың 40%-ы жаппай қырылады.
- 1931-1933жылдары 2,1 млн. адам қырылды.

Алайда, Б.А.Төлепбаев пен В.П.Осипов «1931-1933 жылдардығы ашаршылықта қазақ халқының арасынан 1 млн 50 мың-1млн 100мың адам опат болды. Бұған қоса республиканың өзге ұлттары арасынан 200-250 мың адам аштықтың құрбандығына кетті», десе, ал М.Қ.Қозыбаев, Ж.Б.Әбілқожин, М.Б.Тәтімов «шығын болған қазақтардың саны 1млн 750 мың адамға» жетті деп жазады. Ал, Мәскеу және Алматы архивтерінен жаңадан табылған құжаттар аштық жылдары қырылған қазақтар санының 2 млн адамнан асып кеткенін байқатады. Аштық пен қуғын-сүргіннен бас сауғалап 1 млн нан астам адам Қазақстаннан тыс жерлерге кетуге мәжбүр болып, оның 616 мыңы қайтып оралмады. Ұжымдастыру мен аштық қазақ халқын бүкіл әлемге босқын ретінде шашыратып жіберді. Қазақстан Республикас Жоғарғы Кеңесі Төралқасының осы мәліметтерді зерттеген тарихшы демографтардың жүргізген алдын-ала талдаулары «Қазақ елі аштықтан және соған байланысты індеттерден, сондай-ақ табиғи өлім деңгейінің үнемі жоғары болуынан 2млн200 мың адамынан, яғни барлық қазақ халқының 49 процентінен айырылғанын» дәлелдегенін атап көрсете отырып, сонымен қатар «қасірет құрбандарының саны туралы мәселе әзірге ашық қалып отырғанын да ескертті». («Егемен Қазақстан», 1992 ж. 22 желтоқсан).

1937 жылы республика халқы 1926 жылғы санақпен салыстырғанда 1,3 есе, соның ішінде, қазақтар 1,7 есе, украиндар 1,6 есе, өзбектер 1,9 есе, қырғыздар 2,1 есе, басқа ұлт өкілдері 1,6 есе кемісе, елге сырттан қоныс аудару саясатының пәрменді жүргізілуіне байланысты орыстар 1,5 есе, немістер 1,6 есе, татарлар 1,1 есе көбейген. Ашаршылық жылдарында республикадан тыс жерлерге барлығы 1130 мың адам көшті солардың 676 мыңы біржолата кетсе, 454 мыңы кейіннен қайтып оралады. Ұжымдастыру жылдарында ірі көтерілістер мен толқуларға қатысқаны үшін 1929-1931 жылдарды 5551 адам сотталып, солардың 883-і ату жазасына кесіледі.

4. Оқытудың техникалық құралдары: глоссарий, слайдтар, презентациялар, электрондық оқулық, жазбаша, ауызша сұрау

5. Лекцияның оқыту әдістері мен түрлері: проблемалық сұрақтар, дамыта оқыту технологиясы

6. Әртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар (1-деңгей, 2-деңгей, 3-деңгей сұрақтарымен беріледі)

1-деңгейдің сұрақтары

1. Голощекиннің «Кіші Қазан» идеясын талқылаңыз
2. Ұжымдастыру саясатының іске асырылуын айқындаңыз
3. 1932-1933 жылдардағы ашаршылық және оның демографиялық зардаптарын баяндаңыз

2-деңгейдің сұрақтары

1. Саяси құғын-сүргін құғындаудың тарихын талқылаңыз
2. Құғынға ұшыраған түркі халықтардың тағдырының мәселесін шешіңіз
3. Құғын-сүргін басталуының идеологиялық феномен мәселесін шешіңіз

3-деңгейдің сұрақтары

1. 1930-1932 жж. Ашаршылықтың шешімін табыңыз
2. Түркі халықтарын құғындаудың тарихын талқылаңыз
3. Қазақстандағы Сталиндік құғын – сүргіннің басталуы мен сипатын көрсетіңіз

7. МӨЖ және ОБМӨЖ тапсырмалары: ХХ ғ. 30ж. Қазақстандағы ашаршылықтың демографиялық зардаптарын баяндау

8. Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Омарбеков Т. «Қазақстан тарихының ХХ ғасырдағы өзекті мәселелері» Алматы: «Өнер», 2003.- 552 бет
2. Тәтімұв М. «Қазақ әлемі (Қазақтың саны қанша?)» - Алматы: Атамұра, 1993. - 160 б.
3. Алексеенко А.Н. Население Казахстана. 1920–1990 гг. - Алматы: Ғылым, 1993. - 125 с.; Алексеенко Н.В., Алексеенко А.Н. Население Казахстана за 100 лет (1897–1997 гг.). – Усть-Каменогорск, 1999.
4. Омарбеков Т. «20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті» Алматы: Санат -1997 ж. -320 б.
5. «Қазақстандағы ашаршылық: халық қасіреті және тарих тағылымы»: Халықаралық ғылыми конференция материалдарының жинағы.31 мамыр - 1 маусым 2012жыл/ Б.Ғ. Аяғанның жалпы редакциясымен. - Астана. Мемлекет тарихы институты, 2012 - 400бет.
6. Абылхожин Ж.Б., Қозыбаев М.К., Татимов М.Б., Казахстанская трагедия. «Вопросы истории». 1989, 18-бет.